

## **Пульмонология бөлімшесі**

Пульмонология бөлімшесі дәрігерлері тыныс жүйесі ауруларын зерттеу және емдеу саласында едәуір жетістіктерге қол жеткізуде. Ол, әрине, үздік ғылыми-техникалық жаңалықтардың іс-жүзінде белсене қолданудың нәтижесі. Компьютерлік зерттеулер өкпенің сирек танымал ауруларын болжап білуге мүмкіндік береді. Халықаралық басшылықтың ұсыныстарына сәйкес шипаға инновациялық әдістердің қолданысы (аэрозольдық бронходилляторлар, құрама препараттар, небулайзерлік терапия, фракциялық плазморез, экстракорпоральды детоксикация, жеке ультрасүзу) науқастардың өмір сапасын көтеріп қана, ауру шиеленісін азайтуда.

Бөлімше дәрігерлері ОҚМФА госпиталдық терапия, фтизипульмонология және клиникалық фармакология кафедрасының қызметшілерімен бірге отырып зерттеулер жүргізілуде, ал олардың нәтижесі республикалық және шет ел ғылыми баспасөз бетінде жарық көруде.